

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Дөңгілағаш ауылының негізгі орта мектебі» КММ жанындағы «Балдәурен» шағын орталығы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балдәурен»				
Балалардың жасы	3-4 жас балалар				
Педагогтің аты-жөні	Кайырбекова У.А.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	26.09-30.09.2022ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
	26.09.2022	27.09.2022	28.09.2022	29.09.2022	30.09.2022
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен "Баланың өзін-өзі бағалауы" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру	Балыққа күтім жасау. Мақсат-міндеттері. Балыққа қамқорлық жасауға дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату),	Ойыншықтарды сөрелерге қою. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі	Асхана бойынша кезекшілік. (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балалардың	Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Мақсат-міндеттері. Балалардың кітаптарға ұқыпты қарау

<p>тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>(күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауды үйрету.</p>	<p>аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылық таныту.</p>	<p>тәртіпте қою амалын игерту; тәртіп сақтауға ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.</p>	<p>ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюды үйрету.</p>	<p>дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруді үйрету.</p>
	<p>"Жол белгілерін қою" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жолда жүру туралы алған білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айыра білу. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту). Барысы: педагог балаларға суреттерді таратады, оларды қарастыруға және атауға шақырады, содан кейін "Ол не істеп жатыр?" деген сұрақ қояды. Мысалы: автобус жүреді, жолаушыларды тасымалдайды, тоқтайды. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>Саусақ жаттығуы", "Пойыз келе жатыр". Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, Тоқ-тақ-тоқ (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату). Жылдам келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату). Барлық бала күтіп қалды:</p>	<p>"Геометриялық пішіндерден автобусты құрастырамыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың қиялын, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог геометриялық пішіндерді қолдана отырып, балаларға көлік түрлерін құрастыруды ұсынады. (математика негіздері, құрастыру)</p>	<p>"Сипаттама бойынша таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қиялын, сөйлеу қабілетін дамыту. Барысы: педагог бір баланы шақырады, оған сурет береді және онда қандай көлік бейнеленгенін сипаттауды ұсынады, бірақ атауын атамайды. Қалған балалар оны сипаттамадан анықтайды. Сипаттамасы бойынша таныған бірінші бала келесі суретті алып, басқа балаларға жасырады. Ойын</p>

			Алақан, алақан (алақандарды жайып, өзара уқалау) Қуанышпен қарсы алады. - Алақай! Алақай! (қол шапалақтау) (сөйлеуді дамыту)		жалғасады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)				
	<p>1. Бастапқы қалып: аяқ алшак, дене тік, қол төменде</p> <p>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді;</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшак, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында</p> <p>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді;</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқ алшак, дене бос, қол төменде</p> <p>3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді;</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.</p> <p>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру, дербес әрекет)</p>				
Таңғы ас	<p>Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)</p> <p>Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз.</p>				

	<p>Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп тұзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>"Гараж" құрастыру. Максат-міндеттері. Педагог балаларға математикалық есептеу таяқшаларын таратады. Балалар өздерінің қиялдары және ойлау қабілеттеріне байланысты "гараж" құрастырады. (математика негіздері, құрастыру)</p>	<p>"Жүк көлігін құрастырамыз" құрастыру. Максат-міндеттері. Педагог бала санына қарай әртүрлі геометриялық пішіндерді таратады. Балалар геометриялық пішіндерден жүк көлігін құрастырады. (математика негіздері, құрастыру, танымдық дағдылар)</p>	<p>"Трактордың бөлшектерін тап" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог балаларға трактор суретінің бірнеше бөлшектерін береді, сол бөлшектерді мұқият қарап отырып, тракторды құрастырады. (танымдық дағдылар, құрастыру)</p>	<p>"Торғайлар мен көлік" қимылды ойыны. Максат-міндеттері. Көлік пен торғайлардың қимыл-қозғалыстарын екі түрлі белгілердің біріне сай келтіріп, кеңістікте еркін қозғалуды үйрету. Барысы: торғайлардың маскаларын киген немесе қалташаларын таққан балалар, белгі бойынша қолдарын жан-жаққа жайып "ұшып", "жерге қонып" жүреді. "Көліктің" рөлін педагог немесе белсенді бала, қолына руль ұстап, белгі бойынша "торғайларға" қарай жүреді, "торғайлар" орындарынан</p>	<p>"Көлік" ойыны. Педагог: - Балалар, бәріміз бірге "Көлік" ойынын ойнайықшы? Максат-міндеттері. Балаларды шеңбер бойымен орындықтарға отырғызып, машинаның қалай оталдырылатынын, қалай жүретінін, қалай дыбыс шығаратынын балаларға көрсетеді. (қоршаған ортамен танысу)</p>

				қозғалып, белгілі бағытқа "ұшып" кетеді. Балаларға торғайларға маскаларды немесе қалташалары үлестіріледі. (дене шынықтыру)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Машина зырылдап жүреді". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен бір орында жеңіл секіру дағдысына үйрету. "Мысық пен торғайлар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша	Дене шынықтыру "Рулімізді бұрайық". Мақсат-міндеттері. Балаларда сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын қалыптастыру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу дағдыларын дамыту. "Бағдаршам" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Ойынды ереже бойынша ойнауды үйрету. Түстерді	Музыка "Көңілді машина". Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адымдау жаттығуларын үйлесімді орындауды үйрету; музыкалық аспапта (бубен) ойнау қабілетін дамыту. "Доп неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ойынды ереже бойынша ойнауды, таңбалауыштарды жылдам жинауды үйрету.	Дене шынықтыру "Зу-зу етіп көшеде". Мақсат-міндеттері. Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрттағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру. "Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Алаңда бір-біріне соқтықпай жүгіруді үйрету.	Қазақ тілі "Жолға дайындал ..." Көліктер. Түстер әлемінде." Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде көлік түрлерінің атауларын, негізгі түстерін тыңдап, атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен көліктердің жүру амалдарын білдіретін сөз тіркестерін құруға, зат есіммен сын есімдердер сөз тіркесін құруға жаттықтыру. "Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Көліктер туралы әңгіме. "Сенде не бар?"

	ойнауды үйрету. Жылдам жүгіру дағдысын дамыту.	ажыратуды бекіту, тәртіп бойынша кимылдауды үйрету.			жаттығуы. "Қонақтар немен жетті?" сергіту сәті. "Не артық?" дамытушылық ойыны. "Әртүрлі көліктер" рефлексия.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру. Бақылау барысы. Тәрбиеші көшеде кетіп бара жатқан көліктерге қарауды ұсынады. - Жеңіл көлік қай жерде жүреді. (Жерде.) - Бізге көлік не үшін керек? (Жұмысқа, қонаққа, мектепке бару	Аспанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның әсемдігін байқауды үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқату; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу	Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Құстар (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) туралы жалпы ақпарат беру; жылы жаққа ұшып кететін құстар (қарлығаш, көкек, бұлбұл) туралы түсінікті тиянақтау. - Балалар, қандай құстарды білесіңдер? - Құстар немен қоректенеді? - Жылы жаққа ұшып кететін құстарды білесіңдер ме?	Кешкі серуен кезінде көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көліктің адамды, жүкті тасымалдау үшін керектігін түсіндіріп, түрлі көліктердің атауын жатқа білуге ынталандыру. Көліктердің алуан түріне назар аударту. Адамдарға арналған көліктердің маңыздылығы туралы білімдерін бекіту. "Ұшақтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)	Өрт сөндіру машинасын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Көліктер мен олардың механизмдерінің рөлі туралы білімдерін кеңейту; қызығушылықты дамыту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы қоқыстарды жинау) Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта

	<p>үшін.) - Балалар, көліктер әртүрлі болады. Көшеде біз көптеген көліктерді көреміз, көліктер ұзақ жолдың бойымен ағылып кетіп жатады. Еңбек әрекеті: құрғақ бұтақтарды жинау, ауланы сыпыру. Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. "Түрлі түсті көліктер" ойыны. (танымдық дағдылар, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Заттар (рөлдер) арқылы дене белсенділігін дамыту; ережені сақтауға, кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. Құралдары: балалардың кеуделеріне ілінетін таңбалар (түрлі түсті</p>	<p>қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын немесе азайып, ыдырайтынын атап өтуге болады. Жұмбақ. Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. Мақсат-міндеттері. Сипаттамалық белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше</p>	<p>- Құстардың жазғы тіршілігі қандай? - Құстардың қандай түрлерін білесіңдер? - Құстар қандай дыбыс шығарады? Тақпақ. Бөдене, бөдене, Бұғып қалып көдеге, Ұстатпайды қусам да, Тойғызар ем бедеге. "Ұшты-ұшты" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажыратуды үйрету. Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлігі атауларын немесе кез келген заттың атауларын атайды. Егер олар ұшатын болса құс қанатын қаққандай қимыл көрсетеді. Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балалардың бір-біріне кедергі келтірмей, әртүрлі бағытта жүгіруді үйрету; оларды белгіні мұқият тыңдауға және ауызша белгі бойынша қозғалысты бастауға үйрету. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>жұмыс істеуге деген құштарлықты ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Лақтыр да, ұстап ал". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагог ұйымдастырған ойынды балалардың емін-еркін ойнауларына ықпал ету. "Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек.</p>
--	---	---	---	--	---

	<p>машина), рөлдер. "Тауық пен түлкі" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жылдам әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту. Дене тәрбиесі бойынша жеке жаттығулар. Мақсат-міндеттері. Екі аяқпен бір орында секіру, дұрыс қозғалу. Балалардың еркін ойыны.</p>	<p>білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). "Доппен лапта ойнау" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Екі топқа бөлінуді үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтап отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеруі тиіс. Балалардың еркін ойыны.</p>	<p>қолдарын қимылдатпайды. Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады. Мысалы: "Ұшты-ұшты, ұшақ ұшты!" (қолдарын қимылдатады). "Ұшты-ұшты, кітап ұшты!" (қолдарын қимылдатпайды). "Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ойын шарты бойынша белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Әр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог</p>		<p>Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.</p>
--	--	---	---	--	--

		<p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету.</p>	<p>"көлік" болады. Педагогтің белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!" деген белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды. Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала болуы мүмкін) руль; "торғайларға" таңбалауыштар. Еңбек әрекеті: ауланы сыпыруға көмектесу. Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын тақырыбын өздері таңдауды үйрету.</p>		
--	--	--	---	--	--

Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалармен жеке жұмыс	<p>Саусақ жаттығуы". "Пойыз келе жатыр". Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ! Тоқ-тақ-тоқ! (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандыққа ұқсатып соққылау). Жылдам келе жатыр: Тоқ-тоқ-тоқ, тоқ-тоқ! (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықта ойнағандай соққылау). Барлық бала күтіп қалды: Алақан, алақан (алақандарды жайып, өзара уқалау) Қуанышпен қарсы алады. -Алақай! Алақай! (қол шапалақтау) (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Санамақтар айтқызу. "Нешеуміз?" Бір үйде нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым - әкем, Балаң үйрек - анам, Ортан терек - ағам, Шылдыр шүмек - мен, Кішкене бөбек - сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Көлік" тақырыбында балалармен әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Сюжетті-суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және балалардан сұрақтарға толық жауап беруді талап ету. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Машина" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. "Көлік түрлері" тақырыбында әңгімелесу. Бала тілін дамыту. Оразақын Асқар "Машина". Машина істе - серігің, Жолға шықсаң - көлігің. Айта қойшы, сен, інім, Шығаратын оны кім? Тас қорытып домнада Металл құйса құрышшы, Машинаны заводта Жасар іскер жұмысшы. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Светофор" тақпағын жаттау. Мақсат-міндеттері. Қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. Бала тілін дамыту. Зайда Елғондинова "Бағдаршам". Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса қызыл шырағы: "Тоқта, жолдас!" - дегені. Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса сары шырағы: "Ал, дайындал!" - дегені. Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса жасыл шырағы: "Ал, өте бер!" - дегені. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p>
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)				

<p>ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, күз тақырыбына байланысты суреттер (музыка) Өнер бұрышында көлік түрлерінің суреттерін бояту, көлік түрлерін тандап мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Еркін рөлдік ойындар. "Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту. Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау) "Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы. "Жүргізушінің" рөліне өзі қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. Педагог автобуста жүру ережелерімен алдын ала таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады.</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Бақыт дегеніміз - отбасындағы татулық"</p>	<p>Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер. Көзге арналған түзету гимнастикасы.</p>	<p>"Балаларға жиі ойнауға мүмкіндік беріңіз" тақырыбында кеңес.</p>	<p>Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімдерін жетілдіру.</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Балалардың танымын және сөйлеуін дамытуға бірыңғай тәсілді қалыптастыру"</p>